

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
Кәсіби білім беру колледжі

Педагогикалық кеңесінің

№3 хаттамасы

Тақырыбы : Болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қалыптасуы үшін
колледжің білім беру ортасының мүмкіндіктері

2023 жылғы
сағат: 16.00

Алматы қаласы

Педагогикалық кеңес отырысына қатысқандар:

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

1) Карабаева Ақбөпе Касымбековна – колледж директоры

Педагогикалық кеңесте сөйлегендер:

1) Бейсенбаева Н.Р – Әдіскер

2) Абдыхалыкова А.Н. – Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

3) Копбаева Қ.А. – Арнайы пәндер оқытушысы

4) Алимбекова Н.А.– Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

5) Сейтова А.М.– Арнайы пәндер оқытушысы

7) Акимбаева Ж.Ж. – оқу-тәжірибе жұмысының жетекшісі

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Колледж бөлімдері жұмысының жартыжылдық есептері пәнаралық секциялар, тәрбие жұмысы, кітапхана , т.б. жұмысының есебі. (жұмыстар есебі,презентациялар)
2. Оқытудың әдіс-тәсілдері. Сапалы білім берудегі оқыту технологиясымен теориялық зерттеу әдістері. Пол Раунд әдісін қолданудың тиімді жолдары. Баяндама: Сеитова А. М.
3. Студенттердің үлгерімі мен білім сапасын талдау. I ,II,III курс студенттерінің семестр бойынша үлгерімін талдау. Оқу бөлімі, пән оқытушылары , кураторлар. (Есеп беру,Презентация)
4. Аттестациядан өтетін оқытуылардың тізімін анықтау, қалалық әдістемелік кабинетке ұсыну.
Аттестациялық комиссия жұмысының есебі, портфолио . Әдіскер : Бейсенбаева Н.
5. Әртүрлі мәселелер.

1 .ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша : Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Алимбекова Н.А. сөз алды. Қазақ ұлттық педагогикалық қыздар университетінің құрамындағы кәсіби білім беру колледжінің 2023-2024 оқу жылындағы білім алушылардың 1жартыжылдық бойынша оқу-тәрбие үлгерімін қортындылау үшін 1 - 2,3-4 курс білім алушыларының жартыжылдық есептің қорытындысын айтты :

1 жартыжылдық соңындағы қортынды бойынша барлығы 391 білім алушы , оның ішінде :

1 курс – 123 білім алушы , 2 курс – 45 білім алушы, 3 курс – 163 білім алушы, 4 курс – 48 білім алушы аяқтады .

1. 1 курс : _____ оқу екпіндісі; _____ оқу озаты : _____ білім сапасы
2. 2 курс: _____ оқу екпіндісі; _____ оқу озаты : _____ білім сапасы
3. 3 курс: _____ оқу екпіндісі; _____ оқу озаты : _____ білім сапасы
4. 4 курс : _____ оқу екпіндісі; _____ оқу озаты : _____ білім сапасы

Бейсенбаева Н.Р – Әдіскер: Әдістемелік кабинет колледжді нормативтік материалдармен, мамандықтардың типтік оқу жоспарларымен (ТУП) және міндетті пәндердің типтік бағдарламаларымен қамтамасыз ететіндігі айтылды. Модульдік білім бағдарламасын (МББ) оқулықтар мен оқу-құралдарының қолдану керектігін жән әдістемелік кабинеттің негізгі міндеттерін саралап көрсетті.

Акимбаева Ж.Ж. – Тәжірибе жетекшісі. Оқу-тәжірибие жұмысының сапалы ұйымдастыру жағдайы. Болашақ педагог мамандардың теориялық білімдері мен практикалық тәжірибелерін ұштастыратын негізгі форма – оқу және педагогикалық практика. 2022-2023 оқу жылының қыркүйек, қазан, қараша айларындағы іс-тәжірибе жұмыстарының қорытынды есебімен таныстырылды. Студенттердің білім, білік дағды көрсеткіштері диаграммамен көрсетілді. Сонымен бірге студенттеріміздің мектеп ұжымынан алған алғыс хаттары да бар.

2 . ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Арнайы пәндер оқытушысы Сеитова А.М. баяндама оқыды:

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Тәсіл – оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

Оқыту тәсілдерінің түрлері:

- ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
- мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;
- оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;
- жеке оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару тәсілдері.

Мұғалімнің үнемі ізденуі, тиімді әдіс-тәсілдерді ұйымдастыра отырып, оқыту әдістемесін жаңартып отыруы-заман талабы. Қазіргі уақытта мұғалімдер инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдаланып отырса, сабақтың сапалы өтуіне мол септігін тигізері сөзсіз. Мұғалімнің қолындағы мықты екі қарудың бірі-терең білімі болса, екіншісі-сол білімді оқушы бойына, санасына дарытатын тиімді, пайдалы, қызықты әдіс-тәсілдері болуы қажет. Әдіс дегеніміз-алдына қойған мақсатқа жету үшін мұғалімнің және оқушының бірлесіп, ынтымақтаса жұмыс жасауы.

Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін педагог әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу процесі оқушылардың өздерінің белсенді қызметімен сипатталатынын атап өткен маңызды. Бұл жағдайда мұғалім білім алшылардың танымдық іс-әрекеттерінің ұйымдастырушысы ретінде болады.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша : Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Алимбекова Н.А. сөз алды. Қазақ ұлттық педагогикалық қыздар университетінің құрамындағы кәсіби білім беру колледжінің 2023-2024 оқу жылындағы білім алушылардың іс-тәжірибесі білімді мамандар дайындауда білім берудің ажырамас бөлігі болып есептелініп, мектептерде оқу бағдарламасы мен үрдісіне сай мамандықтарына байланысты іс-тәжірибені өтеді. Болашақ мамандардың тұлға ретінде қалыптасуында педагогикалық іс-тәжірибеден өтудің маңызы өте зор. Оқу орны қабырғасында өткізілген теориялық дайындықтар нәтижесі педагогикалық практика кезінде қолданылады да, оның жетістігі мен кемшілігі айқын көзге түседі. Педагогикалық практика кезінде студенттер оқушылармен тікелей қарым-қатынасқа түсу арқылы оның жеке дара ерекшеліктері мен қабілеттерін айқындайды, олардың мінез-құлықтарындағы кейбір кемшіліктерді түзетуге ұмтылады, оқушыларды тәрбиелеуге көңіл бөле отырып студент өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады, қиындықты жеңуге, сол сәтте кездескен проблемалардың шешімін табуға үйренеді, педагогикалық ойлауы дамиды.

Директордың ОжӘЖЖО Абдыхалыкова А.Н :

Алматы қаласы №4 кітапхана ұжымы Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына орай "Алтайдың ақиық жыршысы" атты әдеби портрет кешін ұйымдастырды. Ұйымдастырылған кешке колледжіміздің оқытушылары Сеитова Айткүл Мырзахановна мен Нурпейсова Гульнур Тулебаевна 1, 3 курс студенттерін дайындап алып барды. Студенттеріміз кеште өнелерін көрсетіп, көрермен көзайымы болды.

Колледж студенттері Алматы қаласында "Қала күні" мерекесіне орай ұйымдастырылған ауқымды іс-шара "Kitap Fest" фестиваліне қатысты. Сонымен қоса, колледжде "Қала күні" мерекесіне орай ұйымдастырылған "Менің сүйікті қалам-Алматы" видеоролик байқауы өткізіліп, төмендегі студенттер дипломдармен марапатталды:

1-орын 111 топ студенті Түйебай Аружан

2-орын 112 топ студенті Ахмет Меруерт

3-орын 302 топ студенті Бактыбаева Ақерке.

Колледжде "Отбасы күні" мерекесіне орай ұйымдастырылған "Отбасы-бақыт мекені" видеоролик байқауы студенттердің қызығушылығын тудырды. Нәтижесінде 20 жұмыс келіп түсті. Төмендегі студенттер дипломдармен марапатталды.

1-орын Нуриева Танзила 113 топ

2-орын Өрісбай Сабира 111 топ

3-орын Нұрғали Жанерке 112 топ

30 қараша, 2023 жылы колледжде 1-4 курс студенттерімен ҚПБ бастығының орынбасары, полиция полковнигі Т.К. Исаев, Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының аға жедел уәкіл полиция майоры Д. Кубеев және полиция басқармасының қызметкерлері «Жастар арасындағы қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу», "Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және нашакорлықтың алдын алу", "Жол жүру ережелері", "Буллинг" тақырыптарында баяндама оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

4.Тындалды:

Бейсенбаева Н.Р – Әдіскер: Аттестациядан өтетін оқытушыларға қазіргі өзгерітерге сәйкес өтініш беру нұсқасын түсіндірді . Мұғалімге керекті құжаттар тізімі мен көрнекілік құралдарды көрсетті .

Құрылым:

1 бөлім. Педагог туралы жалпы мәлімет.

Педагог туралы жалпы мәлімет.

Бастапқы бет.

Міндетті түрде болуы керек:

— қала/аудан көрсетілген жұмыс орны;

— тегі, аты, әкесінің аты;

— атқаратын лауазымы;

— портфолионың рәсімделген жылы.

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

білімі туралы дипломның көшірмесі;

ғылыми атақ берілгені туралы дипломның, куәліктің көшірмесі (бар болса);

еңбек кітапшасының көшірмесі;

берілген біліктілік санаты туралы сертификат пен бұйрықтың көшірмесі (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін);

2 бөлім. Педагогтың кәсіби жетістіктерінің нәтижелері.

Педагогтің кәсіби жетістіктері мен оқушыларының оқудағы жетістіктерінің қорытындылары.

Педагогтің кәсіби қызметі мен кәсіби өсуінің нәтижелерін растайтын облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі сертификатталған құжаттары (аттестатталу кезеңінде):

грамоталар, оқушылардың дипломдарының көшірмелері;

оқушылардың алғыс хаттарының көшірмелері;

оқушылардың сертификаттары, куәліктерінің көшірмелері.

Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды :

Колледж Директоры Карабаева А.Қ. : «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларын» бекіту туралы ҚР БЖҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес аралық аттестаттау өткізу тәртібі (28.08.2020 № 373 бұйрығы бойынша өзгерістерді қоса алғанда).

Білім алушыларды емтихан нысанында аралық аттестаттаудан өткізу үшін емтихан кезінде пайдалануға рұқсат берілген көрнекі құралдар, анықтама сипатындағы материалдар, нормативтік құжаттар мен техника үлгілері; оқу және технологиялық карталар; емтихан ведомосы дайын болуы қажет.

Аралық аттестаттауды аталған пән бойынша семестр бойы сабақ берген оқытушылар не білім беру ұйымы басшысының тапсырмасы бойынша осы пәннің бейініне сәйкес келетін біліктілігі бар оқытушы жүзеге асырады. Аралық аттестаттауды өткізу кезінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының рұқсатынсыз (оқу ісі, әдістемелік жұмыстар жөніндегі басшының орынбасарынан, бөлім меңгерушісінен басқа) бөгде адамдардың қатысуына болмайды.

Педагогикалық кеңесте сараланған әртүрлі мәселелер :

1. Сабақтан жиі қалатын студенттер тізімі мен қолданылып жатқан іс-шаралар
2. Төлемақы бойынша есеп беру
3. Екінші жартыжылыдыққа берілген мәселелерді шешу

4. Оқу тәжірибе жұмыстарына есеп беру.

Тыңдалды :

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абдыхалыкова А.Н.

Біліктілікті арттыратын курстарға қатысу бойынша ақпарат айтылды, Буллинг тақырыбы бойынша міндеттелген курсты өту ақпараттандырылды.

Сабақтан жиі қалатын немесе мүлдем келмейтін студенттерге іс шара қолдану ұсынылды. Әр топ қуарторына сабаққа қатысым және үлгерім мәліметін жинау міндеттелген болатын .

Колледждің төлемақысы туралы хабарлама айтылды . Оқу ақысының қалған бөлігін екінші жартыжылдықтың ортасына дейін төлеп, есеп беру топ жетекшілеріне міндеттелді .

Тыңдалды : Колледж студенттерінің тәжірибеге бару мәселесін қадағалау.

Акимбаева Ж.Ж. – Тәжірибе жетекшісі.

2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығында жасасқан келісімдер шеңберінде колледж студенттері қаланың мектептерінде іс-тәжірибеден өтіп, колледжде алған білімдерін практикада шыңдады.

1 курстар - 5 топ, барлығы 123 студент жалпы 1 курс студенттерінің 100 %, 3 курстар - топ, барлығы 142 студент жалпы 3 курс студенттерінің 60 %, 4 курстар - 7 топ, барлығы 180 студент 4 курс студенттерінің 100 % кәсіби іс-тәжірибеден өтті.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында болған білім алушылардың оқу практикасы өтті. Тәжірибенің мақсаты – білім алушыларды баланың мектептегі алғашқы күндерінде жаңа жағдайға үйрену дағдыларымен таныстыру кезеңіне сәйкес педагогика, психология, жеке әдістемелерден алған теориялық білімдерін жинақтау, жүйелеу және педагогикалық біліктер қалыптастыру. Тәжірибе міндеттері – мұғалімнің сабаққа даярлықты ұйымдастыруымен және мазмұнымен, мектептегі сабақтың алғашқы аптасындағы оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктерімен, әдістемесімен танысу, бірінші күнгі қабылдауды ұйымдастыру және алғашқы күндердегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды бақылау. Тәжірибе барысында машықкерлер кәсіптік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес «Білім» мерекесіне, алғашқы ата-аналар жиналысына, мұғалімнің өткізген барлық сабақтары мен сабақтарды талдауға қатысып, баланың оқуға дайындығы диагностикасын жасады. Машықкерлер оқушылардың жаңа ортаға бейімделуі, педагогика, психология, жеке әдістемелерден алған теориялық білімдерін жүйелеу арқылы педагогикалық біліктерін қалыптастыра алды.

Қаулы :

1. Колледж бөлімдері жұмысының жартыжылдық есептері пәнаралық секциялар, тәрбие жұмысы, кітапхана , т.б. жұмысының есебі назарға алынсын .
2. Оқытудың әдіс-тәсілдері. Сапалы білім берудегі оқыту технологиясымен теориялық зерттеу әдістері. Пол Раунд әдісін қолданудың тиімді жолдары тақырыбындағы баяндама негізінде білім берудегі жаңа әдіс тәсілдерге назар аударылсын.
3. Студенттердің үлгерімі мен білім сапасы I ,II,III курс студенттерінің семестр бойынша үлгеріміне топ кураторлары талдау жасап, бақылауға алынсын .
4. Оқытушыларды аттестациядан айтылған мәліметтер назарға алынсын.
5. Әртүрлі мәселелер шешілді.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Карабаева А.К.

Хатшы:



Бектұрғанова Ә.Н.